«Magnum-дағы Халықаралық күлімдеу күні» Haleon®» ІС-ШАРАСЫНЫҢ (АКЦИЯСЫНЫҢ) ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Magnum-дағы Халықаралық күлімдеу күні» Haleon®» атты Іс-шарасы (Акциясы) (әрі қарай – **Іс-шара (Акция)**) сатуды ынталандыру және тұтынушылардың брендке бейілділігін арттыру мақсатында өткізіледі, брендке назар аударту, қызығушылықты қалыптастыруға немесе сақтауға және брендті нарықта ілгерілетуге бағытталған.

1.2. Іс-шара (Акция) **«Magnum Cash&Carry» ЖШС-нің** барлық дүкендерінде өткізіледі**,** олардың мекенжайлары magnum.kz/shops сілтемесі бойынша көрсетілген.

1.3. Іс-шара (Акция) Ұйымдастырушымен жарнамалық сипаттағы ынталандыру іс-шарасы үшін белгіленген ережелер бойынша өткізіледі. Іс-шара (Акция) Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасының «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Заңының ережелеріне сәйкес лотерея, бәс тігу, тотализатор, құмар ойын немесе тәуекелге негізделген өзге де ойын болып табылмайды.

1.4. Іс-шараға (Акцияға) қатысу туралы ұсыныс осы Ережелердің талаптарын орындаған тұлғалардың шектелмеген тобына бағытталған.

1.5. Іс-шараға (Акцияға) 18 (он сегіз) жасқа толған, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын, әрекетке қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар шетелдік тұлғалар қатыстырылады.

1.6. Іс-шара (Акция) туралы хабарландыру Интернет желісінде https://magnum.kz/stocks?city=almaty сайтында (әрі қарай – «**Сайт»**) орналастырылады, онда Іс-шара (Акция) туралы ақпаратпен, осы Ережелермен, Іс-шараға (Акцияға) қатысатын бренд тауарларының тізімімен танысуға болады.

1.7. Іс-шараға (Акцияға) қатысқысы келетін тұлғалар (әрі қарай – «Қатысушылар») Іс-шараға (Акцияға) қатысуға байланысты барлық іс-әрекеттерді осы Ережелерде белгіленген тәртіппен, шарттарда, орында және мерзімдерде орындауға міндетті. Іс-шараға (Акцияға) қатысу Қатысушылардың осы Ережелермен толық келіскенін білдіреді.

2. Іс-шара (Акция) Ұйымдастырушысы туралы мәліметтер

2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға (әрі қарай – «Ұйымдастырушы») Іс-шара (Акция) Ұйымдастырушысы болып табылады:

2.1.1. Атауы: **«TVIN KAZAKHSTAN (ТВИН ҚАЗАҚСТАН)» ЖШС**

2.1.2. Заңды мекенжайы: Алматы қ., А. Шәріпов көшесі, 90-үй, 205, 206-шы кеңсе.

2.1.3. БСН 140240015409.

2.2. Іс-шара (Акция) Ұйымдастырушысы:

- Апта сайынғы жүлделер мен бас жүлдені алатын Жеңімпаздарды анықтау мен Жеңімпаздар арасында осы жүлделерді бөлу алгоритмін орнатады;
- Апта сайынғы ұтыс ойындарын және бас жүлде ұтыс ойынын өткізеді;
- Апта сайынғы жүлделер мен бас жүлденің логистикасын жүзеге асырады;
- Жеңімпаздармен байланысу жұмыстарын жүргізеді;
- Қатысушылардың жеке деректерін жинайды, өңдейді.

2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға Іс-шараның (Акцияның) Техникалық серіктесі (әрі қарай – «Техникалық серіктес») болып табылады:

2.3.1. Атауы: «Magnum Cash&Carry» ЖШС.

2.3.2. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Астана шағын ауданы 1/10.

2.3.3. БСН 081040004326

3. Іс-шараның (Акцияның) өткізілу мерзімі

3.1. Іс-шараның (Акцияның) басталуы: 01.10.2026 жыл, сағат 00:01 (Астана қ. уақыты бойынша).

3.2. Іс-шараның (Акцияның) аяқталуы: 15.11.2026 жыл, сағат 23:59 (Астана қ. уақыты бойынша)

4. Іс-шараға (Акцияға) қатысу тәртібі мен шарттары

«Magnum-дағы Халықаралық күлімдеу күні» Haleon® ІС-ШАРАСЫНЫҢ (АКЦИЯСЫНЫҢ) ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1. Іс-шара (Акция) Қатысушысы болу үшін Іс-шараның (Акцияның) өткізілу мерзімінде, яғни 01.10.2026 – 15.11.2026 аралығында кез келген дүкеннен таңдауыңызға қарай Іс-шараға (Акцияға) қатысатын «Sensodyne» СМ, «Parodontax» СМ, «Aquafresh» СМ Өнімінің кемінде 1 (бір) данасын сатып алу, кассалық чекті алу және оны Іс-шараның (Акцияның) өткізілу кезеңі аяқталғанға дейін сақтап қою қажет. Зат сатып алғаннан кейін Іс-шараның (Акцияның) өткізілу мерзімінде кассалық чекті толық оқылатын түрде сайтында https://promohaleon.kz тіркеу қажет. Бір кассалық чекті бір реттен артық тіркеуге болмайды. Бір Қатысушы тіркейтін сатып алулар мен кассалық чектердің саны шектелмеген. Серіктестер тауарларының толық тізімі https://magnum.kz/stocks?city=almaty сайтында, сондай-ақ https://promohaleon.kz сайтында көрсетілген.
4.2. Акцияға қатысу үшін Іс-шараның (Акцияның) өткізілу мерзімінде келесі шарттарды орындау қажет:

- сенімді мәліметтерді, соның ішінде аты, мобилді телефон нөмірін көрсете отырып, https://promohaleon.kz сайтында тіркелу;

4.3. Қате, түсініксіз, бұрыс немесе бағдарламалық тәсілмен жасалған тіркеулер есепке алынбайды.
4.4. Қатысушы Жеңімпаздарды анықтау мен оларға жүлделерді беру аяқталғанға дейін Өнімнің сатып алынғанын растайтын құжаттарды, соның ішінде кассалық чекті сақтауға міндетті.
4.5. Өтінімдерді, чектерді, кодтарды, суреттерді және басқа да деректерді автоматты түрде жасауға, көшіруге немесе тіркеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтаманы, механикалық, электрондық және басқа да құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.
4.6. Ұйымдастырушы келесі жағдайларда Қатысушыны Іс-шарадан (Акциядан) шығаруға және оның нәтижелерінің күшін жоюға құқылы:

- жалған мәліметтерді ұсынса;
- осы Ережелерді бұзса;
- сұратылған құжаттарды немесе мәліметтерді ұсынбаса;
- алаяқтық немесе басқа да жоғарыда аталған жосықсыз әрекеттердің белгілері анықталса.

4.7. Іс-шараға (Акцияға) «Sensodyne» СМ, «Parodontax» СМ, «Aquafresh» СМ сауда маркаларының келесі өнімдері (әрі қарай – Өнім) қатысады:

1	AQUAFRESH «Жұмсақ жалбыз» тіс пастасы, 100 МЛ	5054563196415
2	AQUAFRESH «Хош иісті Жалбыз» тіс пастасы, 100 МЛ	5054563198372
3	AQUAFRESH Total Effect тіс пастасы, 75 МЛ	5054563311405
4	AQUAFRESH ПЛЮС «ТАЗА ДЕМ» Т/П, 75 МЛ	5054563010445
5	AQUAFRESH ПЛЮС «КӨРІНЕТІН АҚТЫҚ» Т/П, 75 МЛ	5054563010421
6	AQUAFRESH ОЛЛ ИН УАН «АҒАРТУ» Т/П, 75 МЛ	5054563214942
7	AQUAFRESH ОЛЛ ИН УАН «ЭКСТРА ТАЗАЛЫҚ» Т/П, 75 МЛ	5054563201409
13	AQUAFRESH «Менің Сүт Тісім» тіс пастасы, 50 МЛ	5054563160270
14	AQUAFRESH «Менің Ірі Тісім» тіс пастасы, 50 МЛ	5054563159892
15	AQUAFRESH SPLASH «ҚҰЛПЫНАЙ» тіс пастасы, 65 г	5054563948557
17	AQUAFRESH FAMILY тіс щеткасы	5054563124258
18	AQUAFRESH FLEX тіс щеткасы	5054563124272
19	AQUAFRESH IN BETWEEN тіс щеткасы	5999518577799
20	AQUAFRESH ОЛЛ ИН УАН «Қорғаныш» тіс щеткасы	5054563930491
21	AQUAFRESH «Қарқынды тазарту» тіс щеткасы	5054563931122
22	AQUAFRESH «Менің ірі тісім» Тіс Щеткасы	5054563123725
23	AQUAFRESH «Менің Сүт Тісім» Тіс Щеткасы	5054563123510
25	AQUAFRESH «СЕРГІТКІШ ЖАЛБЫЗ» ШАЙҒЫШЫ, 500 МЛ	5054563269584
26	PARODONTAX тіс пастасы, Фторсыз, 75 МЛ	4047400392041
27	PARODONTAX тіс пастасы, Фтормен, 75 МЛ	4047400393048
28	PARODONTAX «Шөптер сығындысы» тіс пастасы, 75 мл	5054563064202
29	PARODONTAX «Ультра Тазарту» тіс пастасы, 75 МЛ	5054563011190

30	PARODONTAX «Жұмсақ ағарту» тіс пастасы, 75 МЛ	4602233004938
31	PARODONTAX «Кешенді қорғаныш» тіс пастасы, 75 МЛ	5054563042385
32	PARODONTAX EXPERT SOFT Тіс Щеткасы	5054563068668
34	PARODONTAX ШАЙҒЫШЫ, 500 МЛ	5054563052247
35	SENSODYNE «КҮНДЕЛІКТІ ҚОРҒАНЫШ» ТІС ПАСТАСЫ 65	5054563036964
36	SENSODYNE «Күнделікті қорғаныш» тіс пастасы, 100 МЛ	5054563211699
37	SENSODYNE «Экстра Ағарту» тіс пастасы, 75 МЛ	4602233008486
38	SENSODYNE тіс пастасы, Фтормен, 75 МЛ	4602233008165
40	SENSODYNE «Кешенді Қорғаныш» тіс пастасы, 75 МЛ	4602233008103
42	SENSODYNE «Кариес пен сезімталдықтан қорғау» Т/П, 75 МЛ	5054563262554
43	Sensodyne "Кариес пен сезімталдықтан екі есе қорғаныш" т/п, 75 мл	4602233009001
44	SENSODYNE "КЕШЕНДІ ҚОРҒАНЫШ ПЛЮС" 1-де8 тіс пастасы, 75 МЛ	5054563242969
45	SENSODYNE «Қалпына келтіру және Қорғаныш» тіс пастасы, 75 МЛ	5054563125477
46	SENSODYNE «Қалпына келтіру және Қорғаныш, Ағартқыш» тіс пастасы, 75 МЛ	4820127150213
47	SENSODYNE «Лездік Әсер және Ұзақ Қорғаныш» тіс пастасы, 75 МЛ	5054563027320
48	SENSODYNE ADVANCED WHITENING тіс пастасы, 75 МЛ	5054563287564
50	SENSODYNE ПРОНАМЕЛЬ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН Т/П, 6+ 50 МЛ	5054563219497
51	SENSODYNE ПРОНАМЕЛЬ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН Т/П, 2-6, 50 МЛ	5054563219251
52	SENSODYNE Multicare SOFT Тіс Щеткасы	5054563257093
53	SENSODYNE SOFT Тіс Щеткасы	5054563257116
54	SENSODYNE Gentle Care 1x2 тіс щеткасы	5054563256973
55	SENSODYNE Тіс жібі 30 М	5010006101118
57	SENSODYNE «Салқындатқыш жалбыз» шайғышы, 500 мл	5054563250445

5. Жүлде қоры және жеңімпаздарды анықтау тәртібі

5.1. Іс-шараның (Акцияның) жүлде қоры:

- Апта сайынғы жүлделер:

1) Canon PowerShot G7 X Mark III камерасы – аптасына 1 (бір) д., Іс-шараның (Акцияның) өткізілу мерзімінде барлығы 3 (үш) д.;

2) DJI Osmo Pocket 3 Creator Combo камерасы – аптасына 1 (бір) д., Іс-шараның (Акцияның) өткізілу мерзімінде барлығы 3 (үш) д.;

3) Xiaomi дыбыстық щеткасы – аптасына 5 (бес) д., Іс-шараның (Акцияның) өткізілу мерзімінде барлығы 30 (отыз) д.;

4) TROUVER ирригаторы – аптасына 5 (бес) д., Іс-шараның (Акцияның) өткізілу мерзімінде барлығы 30 (отыз) д. (бүкіл мәтін бойынша – Апта сайынғы жүлде);

- Бас жүлде:

2 адамға арналған 1 (бір) сапарға туристтік сертификат (2 Adult);

Бас жүлденің құны – **1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге** (әрі қарай – «Бас жүлде»).

5.2. Ешқандай жағдайда жүлделер ақшаға айырбасталмайды.

5.3. Ұйымдастырушы Іс-шараны (Акцияны) өткізу үшін жүлделерді сатып алуды және оларды кейіннен Жеңімпаздарға тапсыруды қоспағанда, жүлде қоры мен жүлделерге қатысты басқа ешқандай міндеттемелер мен жауапкершілікті мойнына алмайды.

5.4. Апта сайынғы жүлделер ұтыс ойыны 2026 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 19 қарашаға дейін апта сайын өткізіледі. Жеңімпаздарды анықтау арнайы компьютерлік бағдарламаның

көмегімен өткен аптадағы барлық Қатысушылар арасында жүргізіледі.

5.5. Жеңімпаздарды анықтау күні:

Апта сайынғы жүлделер ұтыс ойынының күндері*:

Кезеңі	**Ұтыс ойынының* күні**	**Кезеңдегі Апта сайынғы жүлделер саны**
1.10.2026-11.10.2026	13.10.2026	11
12.10.2026-18.10.2026	20.10.2026	11
19.10.2026-25.10.2026	27.10.2026	11
26.10.2026-1.11.2026	03.11.2026	11
02.11.2026-08.11.2026	10.11.2026	11
09.11.2026- 15.11.2026	19.11.2026	11

** Апта сайынғы жүлделер ұтыс ойындарының кестесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндерін ескере отырып, сондай-ақ Ұйымдастырушыға тәуелді емес жағдаяттар туындаған кезде түзетілуі мүмкін.*

**Ұйымдастырушы ұтыс ойынын өткізу күнін өзгертуге құқылы.*

Бас жүлде ұтыс ойынын өткізу күні*:

Кезеңі	**Ұтыс ойынының* күні**	**Саны Кезеңдегі Бас жүлделер саны**
1.10.2026-15.11.2026	19.11.2026	1 (бір)

** Бас жүлде ұтыс ойынының күні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндерін ескере отырып, сондай-ақ Ұйымдастырушыға тәуелді емес жағдаяттар туындаған кезде түзетілуі мүмкін.*

**Ұйымдастырушы ұтыс ойынын өткізу күнін өзгертуге құқылы.*

5.6. Негізгі жеңімпаздар анықталғаннан кейін Ұйымдастырушы жүлдеге үміткер осы Ережелерді бұзған жағдайда, Жеңімпазды ықтимал ауыстыру үшін 2 (екі) резервтік (балама) Жеңімпазды анықтайды. Алайда Ұйымдастырушы осындай резервтік (балама) Жеңімпаздар тізіміне қосылған есімдерді жариялауға міндетті емес.

5.7. Жеңімпаз атанған Қатысушылар осы Іс-шара (Акция) бойынша кейінгі ұтыс ойындарына қатыстырылмайды. Жеңімпаз Іс-шарада (Акцияда) бір ғана Апта сайынғы жүлдені немесе Бас жүлдені ұтып алуға құқылы.

5.8. Жеңімпаздар анықталғаннан кейін Ұйымдастырушы Жеңімпазға тіркелу кезінде көрсетілген телефон нөміріне қоңырау шалу немесе Whatsapp арқылы хабарлама жіберу арқылы хабарлайды. Егер Жеңімпаздың телефоны байланыс аясынан тыс жерде болса немесе Жеңімпаз 24 сағат ішінде қоңырауға жауап бермесе, немесе Ұйымдастырушыға байланысты емес кез келген басқа техникалық сипаттағы себептер бойынша байланысу мүмкін болмаса, онда Жеңімпаз Ұйымдастырушының шешіміне дауласу мүмкіндігінсіз өзінің Жеңімпаз мәртебесінен айырылады.

5.9. Апта сайынғы жүлдені немесе Бас жүлдені алу үшін Жеңімпаз ұтыс туралы хабарланған сәттен бастап күнтізбелік 2 (екі) күннен кешіктірмей Ұйымдастырушының уәкілетті тұлғасына келесі деректерді/құжаттарды ұсынуы қажет:

- ЖСН міндетті түрде көрсетілген жеке куәліктің көшірмесі (екі жағынан);
- пошта индексі бар нақты тұрғылықты мекенжайы;
- тіркелу кезінде көрсетілген, ұтысқа ие болған кассалық чектің түпнұсқасы.

5.10. Ұйымдастырушының қызметкерлері мен өкілдері, онымен үлестес тұлғалар, сондай-ақ аталған тұлғалардың туыстары мен отбасы мүшелерінің Іс-шараға (Акцияға) қатысуға құқығы жоқ.

5.11. Жеңімпаздардың толық тізімі Интернет желісінде https://magnum.kz/stocks?city=almaty және https://promohaleon.kz сайттарында 2026 жылғы 21 қарашадан кешіктірілмей орналастырылады (әрі қарай – Іс-шараның (Акцияның) өткізілу нәтижелерін жариялау күні). Жеңімпаздардың тізімі әр ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін 3 (үш) күн ішінде жарияланады.

5.12. Апта сайынғы жүлде немесе Бас жүлде тапсырылған сәттен бастап оның кездейсоқ жойылу

қаупі Жеңімпазға ауысады.

6. Бас жүлдені (екі адамға арналған саяхатты) тапсыру тәртібі

6.1. Бас жүлде ұтыс ойыны тікелей эфирде өтеді. Тікелей эфир мен нәтижелер magnum.kz Instagram аккаунтында жарияланатын болады.

6.2. Жеңімпаз рандомайзердің көмегімен анықталады. Ұтыс ойынын өткізуге арналған рандомайзер:https://randstuff.ru/number/.

6.3. Жеңімпаз Бас жүлдені бұған дейін Апта сайынғы жүлдені ұтып алмаған жағдайда ғана алады. Басқа жағдайда Бас жүлде резервтегі Жеңімпазға табысталады.

6.4. Бас жүлдені алу құқығы Жеңімпазда осы Ережелерге сәйкес ол ресми түрде Жеңімпаз деп танылған сәттен бастап туындайды.

6.5. Жеңімпаз Бас жүлдені алуға және өзінің жеке куәлігі мен Бас жүлдені Жеңімпаздың атына ресімдеуге қажетті ақпаратты ұсына отырып, 2026 жылғы «01» желтоқсаннан кешіктірмей «Grace Travel» ЖШС-мен саяхат мерзімі 2027 жылғы «31» қаңтардан кешіктірілмейтін туристік қызмет көрсету шартын жасасуға міндеттенеді. Бас жүлдені алу үшін Жеңімпаз Ұйымдастырушыға және «Grace travel» ЖШС-не сұратылған ақпарат пен қажетті құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

6.6. Бас жүлде тек Жеңімпаздың және ол көрсеткен екінші жеке тұлғаның атына ғана ресімделеді. Жеңімпаз Бас жүлдені алу құқығын басқа тұлғаға басқаша беруге, сыйға тартуға немесе өткізуге құқылы емес. Жеңімпаз Бас жүлде құнының ақшалай баламасын төлеуді талап ете алмайды.

6.7. Бас жүлде түріндегі табыстан жеке табыс салығын (ЖТС) төлеуді Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде жүзеге асырады. ЖТС төлеу Жеңімпазға берілетін Бас жүлденің құнын төмендетпейді.

6.8. Ұйымдастырушы Жеңімпазға оның Бас жүлдені алуына байланысты шеккен шығындарын өтемейді.

6.9. Ұйымдастырушы саяхатты ұйымдастыру және туристік қызметтерді көрсету бойынша үшінші тұлғалар ұсынатын туристік қызметтердің сапасы, көлемі мен көрсетілу мерзімдері үшін жауапты болмайды.

6.10. Жеңімпаз Бас жүлдені алудан бас тартқан немесе қажетті құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Ұйымдастырушы Бас жүлдені резервтегі Жеңімпазға беруге немесе оны өз қалауы бойынша иеліктен шығаруға құқылы. Бас жүлденің ақшалай өтемақысы төленбейді.

7. Қосымша шарттар.

7.1 Қатысушының Іс-шараға (Акцияға) қатысу фактісі оның осы Ережелермен танысқанын және осы Ережелерге сәйкес Іс-шараға (Акцияға) қатысуға келіскенін білдіреді.

7.2. Ұйымдастырушы Іс-шараға (Акцияға) қатысатын тұлғалармен жазбаша келіссөздер немесе өзге де байланыс жасамайды.

7.3. Ұйымдастырушы, сонымен қатар Ұйымдастырушымен Іс-шараны (Акцияны) ұйымдастыруға және өткізуге уәкіл етілген тұлғалар келесі форс-мажорлық жағдайларда өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершілік артпайды: сұрапыл апат, өрт, су тасқыны, кез келген сипаттағы әскери әрекеттер, блокада, заңнамадағы маңызды өзгерістер, Ұйымдастырушы тарапына бағынбайтын басқа да жағдайлар, егер бұл жағдайлар осындай міндеттемелерді орындауға кедергі келтірсе.

7.4. Осы Ережелерде қолданылатын терминдер тек осы Іс-шараға (Акцияға) ғана қатысты.

7.5. Осы Іс-шараны (Акцияны) өткізу аясында туындаған барлық дауды Ұйымдастырушы мен Қатысушылар келіссөздер арқылы шешуі тиіс. Егер жағдайды реттеу мүмкін болмаса, дау Ұйымдастырушының орналасқан орны бойынша (шарттық соттылық) қаралады. Қатысушылар Іс-шараға (Акцияға) қатысу арқылы шарттық соттылыққа келісім білдіреді.

7.6. Іс-шараға (Акцияға) қатыса отырып, Қатысушы Ұйымдастырушымен өзінің жеке деректерін өңдеуге, сондай-ақ өзінің жеке деректерін Іс-шараны (Акцияны) тікелей іске асыруды жүзеге асыратын үшінші тұлғаларға беруге, соның ішінде деректерді трансшекаралық беруге өзінің келісімін береді.

7.7. Осы Ережелерде көрсетілген Іс-шараға (Акцияға) қатысатын Өнім Ұйымдастырушының оны

өткізу туралы хабардар етуге арналған жарнамалық-ақпараттық материалдарда пайдаланатын осы Өнімнің кез келген фотосуреттерінен немесе графикалық бейнелерінен өзгеше болуы мүмкін. Өнім ауыстырылмайды немесе алмастырылмайды. Іс-шараны (Акцияны) өткізу кезеңінде сауда залында Өнімнің толық ассортименті уақытша болмауы мүмкін, бұл жағдайда наразылықтар қабылданбайды.

7.8. Осы Ережелерге сәйкес Қатысушы немесе Жеңімпаз Ұйымдастырушының өтініші бойынша жарнамалық мақсатта Іс-шараға (Акцияға) қатысу туралы сұхбат беруге, соның ішінде радио мен теледидарда, әлеуметтік желілерде, Ұйымдастырушының ресми сайтында, сондай-ақ басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру үшін сұхбат беруге немесе бұл үшін ешқандай сыйақы төленбестен графикалық жарнамалық материалдар дайындау үшін түсуге келіседі. Мұндай сұхбаттар мен графикалық жарнамалық материалдарға деген барлық айрықша құқықтар Ұйымдастырушыға тиесілі болады.

7.9. Ұйымдастырушы Қатысушыға немесе Жеңімпазға қатысты материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында, сайттарда, Интернет желісінде орналастырмас бұрын оларды Қатысушымен немесе Жеңімпазбен алдын ала келіспестен редакциялау құқығын өзіне қалдырады.

7.10. Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша, Қатысушыларға себептерін түсіндірместен және олармен хат-хабар алмасуға түспестен, Қатысушылардың кез келген әрекеттерін жарамсыз деп тануға, сондай-ақ Іс-шараға (Акцияға) бұдан былай қатысуға тыйым салуға, Ұйымдастырушыда Қатысушы немесе Жеңімпаз деректерді бұрмалайды немесе деректерді кез келген бұрмалаудан пайда көреді деп есептеуге негізді күдік туындаған кез келген тұлғаға жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

7.11. Қатысушы өзінің жеке деректерін өңдеуге, жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға, шығарып алуға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға, алып тастауға, жоюға, трансшекаралық беруге келісімін береді.

7.12. Іс-шараға (Акцияға) қатыса отырып, Қатысушылар Ұйымдастырушыға, тапсырыс берушіге және Іс-шараның (Акцияның) Техникалық серіктестеріне өздерінің Іс-шараны (Акцияны) өткізу мақсаттары үшін ерікті түрде ұсынған дербес деректерін Ұйымдастырушы, тапсырыс беруші және Техникалық серіктестер, сондай-ақ олар уәкілеттік еткен тұлғалардың деректерді өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып өңдейтініне өз келісімдерін береді.

7.13. Іс-шараға (Акцияға) қатыса отырып, Қатысушы нақты, өзекті (дұрыс) жеке деректерді, тиесілі телефон нөмірлерін, электрондық адресті көрсетуге міндетті.

7.14. Қатысушылардың жеке деректері Қазақстан Республикасы заңнамасының, атап айтқанда «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V ҚР Заңының (әрі қарай – Заң) талаптарына сәйкес құпиялылық шарттарда, өңдеу/сақтау мерзімі шектелмей сақталады және өңделеді.

8. Өзге шарттар

8.1. Іс-шара (Акция) Ұйымдастырушысы мен Техникалық серіктес келесілерге жауапты емес:

- Қатысушылардың Іс-шараға (Акцияға) қатысуы мен жүлделерді алуына байланысты міндеттерін орындамағаны (уақтылы орындамағаны);
- Қатысушылардың осы Ережелермен таныспауы, сол сияқты олардың Іс-шараның (Акцияның) өткізілу нәтижелерімен таныспауы;
- Қатысушылардан хат, телефон қоңырауы, электрондық хабарламалар алмағаны үшін, соның ішінде пошта қызметінің, байланыс ұйымының кінәсінен, техникалық мәселелерден және/немесе Іс-шараны (Акцияны) өткізу кезінде қолданылатын Интернет және/немесе байланыс арналарындағы алаяқтық нәтижесінде алынбағаны үшін;
- Қатысушылардан жүлделер алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмағаны (уақтылы алмағаны);
- Қатысушылардан Іс-шараны (Акцияны) өткізу мен жүлделерді беру мақсатында қажетті толық емес және/немесе қате байланыс және/немесе өзге мәліметтерді алғаны.

8.2. Іс-шара (Акция) Ұйымдастырушысы Іс-шараны (Акцияны) өткізу, Шараның (Акцияның) жүлде қоры бөлігінде осы Ережелерді өзгертуге, Іс-шараны (Акцияны) өткізуде үзіліс жариялауға, Іс-шара

(Акция) мерзімін қысқартуға және/немесе өзгертуге құқылы.

8.3. Ережелер өзгерген немесе Іс-шара (Акция) тоқтатылған жағдайда, ақпарат https://magnum.kz/stocks?city=almaty сайтында, сондай-ақ https://promohaleon.kz сайтында орналастырылатын болады.

8.4. Қажет болған жағдайда, Ұйымдастырушы Іс-шараның (Акцияның) өткізілуін мерзімінен бұрын тоқтатуға және/немесе белгілі бір мерзімге тоқтата тұруға құқылы, мұндай Іс-шараны (Акцияны) өткізуді мерзімінен бұрын тоқтатқан және/немесе тоқтата тұрған жағдайда, Ұйымдастырушы ақпаратты https://magnum.kz/stocks/wsd2026 сайтында, сондай-ақ https://promohaleon.kz сайтында орналастырылатын болады.